

«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ  
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС



НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО  
«КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ»  
УЧЕНЫЙ СОВЕТ

NON-PROFIT JOINT-STOCK COMPANY  
«AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY»  
ACADEMIC COUNCIL

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71  
Тел: +7 (727) 377-33-30. Факс: +7 (727) 377-33-44  
www.kaznu.kz. E-mail: info@kaznu.kz

050040, Almaty, Al-Farabi ave., 71  
Tel: +7 (727) 377-33-30. Fax: +7 (727) 377-33-44  
www.kaznu.kz. E-mail: info@kaznu.kz

050040, Алматы, пр. аль-Фараби, 71  
Тел: +7 (727) 377-33-30. Факс: +7 (727) 377-33-44  
www.kaznu.kz. E-mail: info@kaznu.kz

06.09.2024 № 06-02-03

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ғылыми кеңесінің  
2024 жылғы 6 қыркүйек күні өткен №1 мәжілісінің хаттамасынан

### ҮЗІНДІ

**ТЫҢДАЛДЫ:** Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесі – проректор А.Ғ. Қазмағамбетовтың «"Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті" КеАҚ Қашықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелерін» бекіту туралы ақпары.

**ҚАУЛЫ:** Ғылыми кеңес мүшелерінің бірауыздан қабылдаған шешімі негізінде «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ Қашықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері» бекітілсін.


Бас ғалым хатшы

Л.М. ШАЙКЕНОВА

**«Бекітілді»  
Ғылыми Кеңес шешімімен  
Хаттама № 1  
«6» қыркүйек 2024 ж.**


**«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ  
ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ  
ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

**Алматы қ., 2024 ж.**

	КеАҚ ҚазҰУ	Күні: 2024 ж.	Басылым: бесінші
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	2 б. 25 б-тен.

## МАЗМҰНЫ

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	3
2.	ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ.....	9
3.	ҚБТ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.....	12
4.	ҚБТ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУ ҮДЕРІСІНІҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	15
5.	ҚБТ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАРЫ.....	19
6.	ОНЛАЙН КУРСТАРДЫ ӘЗІРЛЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАРЫ	23

	КеАҚ ҚазҰУ	Күні: 2024 ж.	Басылым: бесінші
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	3 б. 25 б-тен.

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Қашықтан оқыту технологиялары бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережелері (бұдан әрі – ережелер) Қазақстан Республикасының [«Білім туралы»](#) Заңына; Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдеде бекітілген № 2 [«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік білім беру стандарты»](#); 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 [«Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және \(немесе\) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн–оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы»](#); Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 322 бірлескен [«Формальды емес білім беретін белгілі ұйымдардың тізіміне енгізілген ұйымдар ұсынатын, формальды емес білім арқылы ересектер алған оқыту нәтижелерін тану қағида бекіту туралы»](#) бұйрықтарына сәйкес әзірленді; ҚР БҒМ, Астана қ. 24.07.2020 № 14–4\_829–ІН кіріс хатының (ұйымдардың 2020–2021 оқу жылының күзгі семестріне дайындық Чек–парағының жобасы (2928179 v1)) қосымшасына, әл–Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (бұдан әрі – Университет, ҚазҰУ) Академиялық саясаты және қашықтықтан білім беру технологияларын (бұдан әрі – ҚБТ) қолдана отырып университетте білім беру процесін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

1.2. Осы Ережелер кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру шеңберінде ҚазҰУ да іске асырудың міндетті талаптары мен тәртібін айқындайды, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде және ақылы білім беру қызметтерін көрсету шарттары негізінде қаржыландырылады.

1.3. Қашықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыру білім алушылардың академиялық күнтізбеге сәйкес білім беру бағдарламаларын меңгеруі үшін жүзеге асырылады.


1.4. Университетте ҚБТ қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

- оқытуды жекелендіру;
- оқытудың тиімділігін (сапасын) арттыру;
- дәстүрлі оқыту нысандары (аудиторияда оқытушымен синхронды түрде) қолжетімсіз болып табылатын тұлғаларға білім беру қызметтерін ұсыну.
- бірыңғай цифрлық білім беру кеңістігін қалыптастыру.

1.5. ҚБТ қолдана отырып оқыту процесінің субъектілері (қатысушылары) білім алушылар болып табылады, педагог қызметкерлер, ҚазҰУ және өзге де білім беру ұйымдарының қызметкерлері болып табылады.

1.6. ҚБТ–ны іске асыру желілік және кейс–технология бойынша жүзеге асырылады.

1.7. ҚБТ–ны қолдана отырып оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру

	КеАҚ ҚазҰУ	Күні: 2024 ж.	Басылым: бесінші
	КБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	4 б. 25 б-тен.

кезінде оқу жұмысының түрлері бойынша уақыт нормалары педагогикалық жүктемені есептеу үшін бекітілген нормативтерге сәйкес белгіленеді.

1.8. Осы Ережелерде келесідей терминдер мен анықтамалар қолданылады:

**білім алушылардың академиялық ұтқырлығы** – білім алушылардың немесе зерттеуші оқытушылардың белгілі бір академиялық кезең (семестр немесе оқу жылы) ішінде өз ЖОО–ның басқа факультеттерінде немесе басқа ЖОО–да (ел ішінде немесе шетелде) оқуын жалғастыру үшін игерілген оқу бағдарламаларын, пәндерді академиялық кредиттер түрінде міндетті түрде қайта тапсыра отырып, оқу немесе зерттеулер жүргізу үшін ресурстар мен көрсетілетін қызметтерді пайдалануы;

**академиялық күнтізбе** – оқу жылы ішінде оқу және бақылау іс–шараларын, практикаларды өткізу, демалыс күндерін (демалыс және мереке) ескере отырып құрылған күнтізбе;

**Университеттің Академиялық комитеті** – Университеттің білім беру қызметінің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайтын, алқалы басқарушы және атқарушы басқару органы (құрамына академиялық мәселелер жөніндегі департамент басшылығы, факультет декандары кіреді);

**академиялық кредит** – білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысы (жүктемесі) көлемін өлшеуге арналған бірыңғай бірлік;


**қашықтан оқыту (қашықтықтан оқыту)** – оқыту нысандарының бірі, электрондық және телекоммуникациялық құралдар арқылы білім беру ұйымдарынан алыс орналасқан тұлғалардың оқу–танымдық қызметі мен дамуына мақсатты және әдістемелік ұйымдастырылған басшылық жасау. Орны мен уақытына қарамастан жеке режимде үздіксіз оқу мүмкіндігін ұсынады. Қашықтан оқыту синхронды және бейсинхронды болуы мүмкін;

– **синхронды оқыту (бір мезгілде, нақты уақыт режимінде)** – білім алушының оқытушымен, курстастарымен жоспарланған уақытта онлайн режимде (вебинарлар, бейнеконференциялар, чаттар, интернет желісі бойынша хабарламалармен алмасу арқылы) тікелей қарым–қатынаста болуы;

– **бейсинхронды оқыту (бір мезгілде емес)** – білім алушылар курстың мазмұнына оқу кестесінен тыс уақытта қол жеткізе алады және өз кестесі бойынша тапсырмаларды орындай алады, оқытушымен және курстастарымен онлайн–әңгімелесу арқылы сөйлесе алады, тек оқытушы белгілеген тапсырмалардың тапсыру мерзімдерін ұстанады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы негізгі өзара іс–қимыл хат алмасу, тапсырмаларды орындау, тестілеу (quiz), бейне түсініктемелер мен форумдар (пікірталастар) арқылы жүзеге асырылады;

**ҚазҰУ–дың ақпараттық–білім беру жүйелері (АБЖ)** – оқу үдерісін автоматтандырудың ақпараттық Univer жүйесі, Moodle қашықтан оқыту жүйесі, жаппай ашық онлайн курстар платформасы Open KazNU.;

**жеке оқу жоспары (ЖОЖ)** – білім алушының білім беру траекториясын

	КеАҚ ҚазҰУ	Күні: 2024 ж.	Басылым: бесінші
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	5 б. 25 б-тен.

көрсететін, білім алушының білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен әрбір оқу жылына жасалатын құжат; **ақпараттық білім беру** – дербес жүзеге асырылатын оқыту, бұл ретте оқыту нәтижесін көрсететін құжат берілмейді;

**білім алушыларды қорытынды аттестаттау** – тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім алушылардың оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің көлемін және білім беру бағдарламасында көзделген оқу қызметінің өзге де түрлерін меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім;

**қорытынды бақылау** – емтихан түрінде аралық аттестаттау кезеңінде өткізілетін оқу пәні бағдарламасын меңгеру сапасын бағалау мақсатында білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау, егер пән бірнеше академиялық кезеңдерде оқылса, онда қорытынды бақылау осы академиялық кезеңде оқылған пән бөлігі бойынша жүргізілуі мүмкін;

**кампус курсы (SPOC, ағылш. small private online course)** – ЖАОК нұсқасы. Ұйымда ресми оқытуды жүзеге асыруда қолданылатын шағын жабық онлайн курс. Шағын академиялық топтарға бағытталған. «Төңкерілген класс» моделін жүзеге асырады. Осыған байланысты кампус курсы курстан өте алатын және бүкіл оқу үдерісінде бір–бірімен өзара әрекеттесуге дайын студенттердің белгілі бір топтарына бағытталған;

**кейс технологиясы** – қағаз, электронды және өзге де тасымалдағыштарда оқу–әдістемелік материалдар жиынтығына (кейстерге) және оларды өз бетінше оқу үшін білім алушыларға жеткізуге негізделген технология;

**жаппай ашық онлайн–курс** (бұдан әрі – ЖАОК) – электронды оқыту технологияларын қолданып, жаппай интерактивті қатысуды іске асыратын және Интернет арқылы қол жетімді оқу курсы;

**мультимедиа** – ақпараттың әртүрлі формаларының комбинациясымен ұсынылған сандық деректер (мәтіндік, бейне реттілікпен, анимациялық компьютерлік графикамен, дыбыспен және т. б.);


**формальды емес білім беру** – оқыту мерзімдері мен формаларын ескермей, оқыту нәтижелерін растайтын құжат берілетін білім беру қызметтері;

**білім беру порталы** – ҚБТ бойынша білім беру үдерісін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін, әкімшілік–академиялық және оқу–әдістемелік ақпараты бар, ақпараттық ресурстар мен Интернет сервистерінің өзара байланысы бар желілік жиынтық;

**онлайн оқыту** – нақты уақыт режимінде интернет арқылы оқытудың бір түрі. Онлайн оқыту кезінде студенттер аудиторияда оқытушымен бірге, сондай–ақ кез келген жерде қашықта бола алады және сандық технологиялар мен сандық бағалау формаларын қолдану арқылы оқи алады;

**онлайн прокторинг** – білім алушылар көрсеткен нәтижелердің шынайылығын растау үшін онлайн емтихан кезінде білім алушының тәртібін тексеру, талдау және бақылау рәсімі;



	КеАҚ ҚазҰУ	Күні: 2024 ж.	Басылым: бесінші
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	6 б. 25 б-тен.

**онлайн білім беру платформасы** – білім алушыға орны мен уақытына қарамастан таңдау бойынша онлайн–курстарды оқуға мүмкіндік беретін, ашық онлайн білім беру порталы;

**онлайн-курс**–қашықтықтан оқыту қағидаттарына негізделген, логикалық және құрылымдық жағынан аяқталған оқу бірлігі болып табылатын білім беру ресурсының нысаны (ЖАОК және SPOC–ты қамтиды);

**ЖБП** – жалпы білім беретін пәндер циклі, міндетті компонент, жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті пәндерін қамтиды;

**«төңкерілген класс»** – оқытуға қажетті оқу материалдары білім алушыларға алдын ала жеткізілетін, ал оқытушы мен білім алушылардың бірлескен белсенді қызмет түріндегі өзара іс–қимылы үшін аудиториялық уақыт бөлінетін оқытудың аралас түрі;

**дербес оқу ортасы** – студентке оқу үшін қолайлы жағдай жасайтын оқу құралдарының, әлеуметтік сервистердің, ақпараттық ресурстардың, оқу қызметі субъектілерінің жиынтығы;

**қос дипломды білім бағдарламасы** – қос диплом (Double Major) немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом (Major–Minor) алу мақсатында серіктес университеттер арасындағы бағдарламаларды бірнеше оқу жоспарлары (білім беру бағдарламалары) бойынша қатар оқу мүмкіндігімен салыстыруға және үндестіруге негізделген білім бағдарламасы;

**білім алушыларды аралық аттестаттау** – емтихан сессиясы кезеңінде білім алушылардың оқу пәнінің оқу аяқталғаннан кейін оның бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын игеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім;


**оқу нәтижелері** – оқу пәнін, модульді немесе білім беру бағдарламасын игеру нәтижесінде білім алушылар көрсеткен алған білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының, сондай–ақ қалыптасқан құндылықтары мен көзқарастарының бағалаумен расталған көлемі;

**аралық бақылау (АБ)** – академиялық күнтізбеге сәйкес бір оқу пәнінің бөлімі (модулі) аяқталғаннан кейін білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау;

**сертификат** – онлайн–платформада студенттің оқу нәтижелерін бағалауды және алынған академиялық кредиттердің (сағаттардың) санын растайтын құжат. Сертификат оқу туралы анықтама, расталған сертификат немесе ресми түрде ресімделген және онлайн–платформада оқу фактісі мен нәтижелерін растайтын басқа құжат бола алады;

**желілік (өзара) оқыту (англ. networked learning, peer–to–peer learning)** – білім алушылар бір–бірін оқытатын, бір–бірімен орындалған тапсырмаларды өзара тәуелділік пен жауапкершілік жағдайында бағалап, үйлесімді өзара оқу ортасын құру технологиясы; білім алушыларды оқу үдерісіне тартуға, ынталандыруға ықпал етеді, қарым–қатынас дағдыларын дамытады;

**желілік технология** – оқу–әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуді, білім алушылардың оқытушылармен және бір–бірімен интерактивтік өзара іс–қимыл нысандарын, сондай–ақ интернет желісін пайдалану негізінде оқу үдерісін

	КеАҚ ҚазҰУ	Күні: 2024 ж.	Басылым: бесінші
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	7 б. 25 б-тен.

әкімшілендіруді қамтитын технология;

**ағымдағы бақылау** – академиялық кезең ішінде оқытушымен аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда жүргізілетін оқу бағдарламасына сәйкес білім алушылардың білімін жүйелі тексеру; **тьютор** – студентке нақты пәнді және (немесе) модульді игеруге көмектесетін академиялық кеңес беруші рөлін атқарушы оқытушы;

**сандық волонтер** – оқытушылар / студенттер үшін көмекші рөлін атқаратын және факультетте ҚБТ қолдану арқылы оқыту үдерісін ұйымдастырушылық, ақпараттық, әдістемелік жағынан сүйемелдейтін университеттің білім алушысы;

**сандық контент** – цифрлық оқу материалдарын ақпараттық (мәтіндер, графикалар, мультимедиалар және өзге де маңызды толықтырулар) толықтыру;

**сандық профиль / портфолио** – электрондық нысанда ұсынылған білім беру үдерісінің субъектілерінің білім беру, кәсіптік немесе өзге де қызметі туралы ақпаратты, қамтитын деректер жиыны. Сандық профиль / портфолио сандық із негізінде құрылуы мүмкін;

**сандық із** – білім беру үдерісінің субъектілерінің интернетте цифрлық құрылғыларды пайдалана отырып іс-әрекеттерді орындауы барысында алынған, тіркелетін деректердің бірегей жиынтығы;

**сандық білім беру ресурстары (бұдан әрі – СБР)** – пәнді интерактивті түрде оқытуды қамтамасыз ететін дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнефрагменттер, статистикалық және динамикалық үлгілер, виртуалды шынайылық пен интерактивті модельдеу нысандары, дыбыстық жазбалар мен өзге де сандық оқу материалдары;


**эдвайзер** – тиісті білім беру бағдарламасы бойынша білім алушының академиялық тәлімгері қызметін атқаратын, оқыту траекториясын таңдауға (жеке оқу жоспарын қалыптастыруға) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламасын меңгеруге жәрдемдесетін оқытушы;

**пәннің оқу-әдістемелік кешені (е-ПОӘК)** – силлабустан, дәрістердің қысқаша конспектінен, зертханалық, практикалық және семинарлық сабақтарға арналған тапсырмалардан, СӨЖ/МӨЖ/ДӨЖ арналған тапсырмалардан тұратын құжат, сабақтардың тақырыптары мен түрлері бойынша өзіндік жұмыс істеуге арналған оқу-практикалық материал (кейстер, есептер жинағы, талдау және т.б. мақалалар), пәннің әдістемелік қамтамасыз етілу картасы, сандық блок контенті мен СБР;

#### 1.9. ҚазҰУ-да ҚБТ қолдануға рұқсат етіледі:

№	Бағыт	ҚБТ-ға ауыстыру үшін ең жоғары көлем
1.	Кадрларды даярлаудың барлық бағыттары үшін, ерекшеліктер жоқ. Денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бар білім алушыларға. Асинхронды және/немесе синхронды оқыту форматы арқылы ұйымдастырылады	Қашықтықтан оқыту кезеңі мен мерзіміне ДКК қорытындысының медициналық көрсеткіштері негізінде



	КеАҚ ҚазҰУ	Күні: 2024 ж.	Басылым: бесінші
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	8 б. 25 б-тен.

2.	<b>Кадрларды даярлаудың барлық бағыттары үшін, ерекшеліктер жоқ.</b> Қатысу кезеңіне арналған халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстар мен фестивальдарға қатысушыларға. <b>Асинхронды және/немесе синхронды оқыту форматы арқылы ұйымдастырылады</b>	Қатысу мерзіміне
3.	<b>Кадрларды даярлаудың барлық бағыттары үшін, ерекшеліктер жоқ.</b> Академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша студенттерді дайындау үшін	Барлық оқу кезеңі үшін жалпы академиялық кредиттер саны 20%-дан артық емес Бұл ретте семестрдегі пәндер санының 50% - дан аспайды.
4.	<b>Кадрларды даярлаудың барлық бағыттары үшін, ерекшеліктер жоқ.</b> Қос дипломды бағдарламалар мен алмасу бағдарламалары бойынша білім алушыларды дайындау үшін	Барлық оқу кезеңі үшін жалпы академиялық кредиттер саны 50%-дан артық емес (ерекшеліксіз барлық бағыттар үшін)

Халықтың ауруларының алдын алу мен емдеуді, санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды қамтитын әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде білім алушыларға **академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша және қос дипломды және (немесе) бірлескен бағдарламаларды** іске асыру кезінде ҚБТ қолдана отырып **академиялық кредиттердің үлкен көлемін оқуға жол беріледі.**

"Дене шынықтыру" пәні күндізгі нысанда өткізіледі және шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайында оқыту кезінде ғана ҚБТ-ға ауыстырылады.


Кәсіптік практиканың барлық түрлерін, зерттеу және эксперименттік жұмыстарды, практика базаларында, ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті салалардағы немесе қызмет салаларындағы ұйымдарда ғылыми тағылымдамаларды жүргізу күндізгі нысанда жүргізіледі.

Бұл ретте ҚБТ-ны қолдана отырып жүргізуге практика базасынан растайтын құжаттарды ұсынғаннан кейін практиканттың қашықтықтан жұмыс істеу түрлерін, кестесін және сипаттамасын көрсете отырып, сондай-ақ шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайында оқыту кезінде білім беру бағдарламасының ерекшелігіне қарай жол беріледі.

#### **ҚБТ қолдана отырып оқытуды іске асырудың өзге де жағдайлары**

1.	Құқық саласында кадрлар даярлау үшін. Тек қана ұйымдастырылады синхронды оқыту форматы.	Оқудың барлық кезеңінде пәндердің жалпы санынан 20 % -дан артық емес
2.	Кадрларды даярлау үшін кадрларды даярлаудың қалған бағыттары бойынша. Тек қана ұйымдастырылады синхронды оқыту форматы.	Оқудың барлық кезеңінде пәндердің жалпы санынан 50 % -дан артық емес
3.	Медициналық, фармацевтикалық және педагогикалық білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша	"Білім туралы "Қазақстан Республикасы Заңының <a href="#">37-2-бабының 2-тармағында</a> көзделген жағдайларды қоспағанда РҰҚСАТ ЕТІЛМЕЙДІ.
4.	Даярлықтың барлық бағыттарының білім алушылары университеттің келісімі бойынша формалды емес білім беру арқылы, оның ішінде ЖАОК арқылы жекелеген пәндерді игере алады, олардың нәтижелері университеттің "Формальды және формалды емес білім беру, кәсіптік біліктілікті оқыту нәтижелерін тану тәртібі туралы ережеде" белгіленген тәртіппен танылады.	Оқудың барлық кезеңінде пәндердің жалпы санынан 20 % -дан артық емес

Шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайында кәсіптік **практика, зерттеу және эксперименттік жұмыс, зертханалық және студиялық сабақтарды** онлайн-форматта жүзеге асыру мүмкін емес, қашықтықтан оқытуға көшкен кезде кейінгі академиялық кезеңдерге ауыстырылады.

	КеАҚ ҚазҰУ	Күні: 2024 ж.	Басылым: бесінші
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	9 б. 25 б-тен.

1.10. Осы Ереженің 1.9-тармақтың кестесінде көрсетілмеген ҚБТ қолдана отырып оқытуды іске асырудың өзге де жағдайлары, білім алушының өтініші, себебін растайтын ресми құжаттар және **факультеттің Ғылыми кеңесінің шешімі** негізінде, күндізгі оқу нысаны бойынша оқыту объективті мүмкін болмаған кезде жүзеге асырылады. **Шешімді Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор немесе оны алмастыратын тұлға қабылдайды.**

1.11. ҚБТ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген білім алудың барлық нысандары кезінде, оның ішінде бейресми, қосымша білім беруге, қайта даярлауға және біліктілікті арттыруға қатысты, оның ішінде шет тілдерінде қолданылады.

1.12. Қашықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар кредиттерді тек білім беру компоненттері немесе оқу пәндері бойынша меңгереді.

1.13. ҚБТ қолдана отырып оқыту кезінде білім алушылардың білім беру бағдарламасын игеру процесінде пәнді және (немесе) модульді сақтауына, цифрлық із жинау және цифрлық бейінді қалыптастыру жолымен оқу процесіне қатысу және сабаққа қатысу деңгейіне мониторинг жүргізіледі;


1.14. Сандық із деректерінің көздері болуы мүмкін:

- субъектінің өзі оның қызметі туралы енгізетін ақпарат және оқытудың нәтижелілігін бағалау және т. б.;
- онлайн–оқытудың немесе бағалаудың/диагностиканың сандық білім беру платформаларынан деректерді автоматты түрде тіркеу және беру;
- білім алушылардың жұмысы және әзірлеу/коммуникация орталарында деректерді жинақтау кезінде деректерді немесе оларға сілтемелерді автоматтандырылған тіркеу және беру;
- биометриялық деректерді жинауға арналған технологиялық шешімдер болуы мүмкін.

1.15. Егер оқудың күтілетін нәтижелерін қалыптастыру ҚБТ қолдануға мүмкіндік берсе немесе оны көздейтін болса, оқу процесінде дәстүрлі әдістермен бірге қашықтықтан оқыту әдістері жүзеге асырылуы мүмкін: ақпараттық – коммуникациялық технологиялар арқылы іске асырылатын неғұрлым икемді және дараланған стандарттары, оқу жетістіктерін диагностикалау және мониторингілеу рәсімдері бар педагогикалық технологиялар.

## 2. ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

2.1. Осы Ереженің 1.9-тармағында көрсетілген білім алушылардың ҚБТ-на толық ауысқан кезде, оқу үдерісін ұйымдастыру Академиялық және цифрлық инновациялар кеңсесі (АжЦИК) Білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру кеңсесі (бұдан әрі– ББҰК) беретін, білім беру бағдарламаларының оқу жоспарлары, академиялық күнтізбе, оқу кестелері және басқа да нормативтік

	КеАҚ ҚазҰУ	Күні: 2024 ж.	Басылым: бесінші
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	10 б. 25 б-тен.

құжаттар негізінде жүзеге асырады.

Қашықтықтан оқыту кезінде қолданыстағы білім беру бағдарламасына сәйкес оқу пәндері мен оқу жұмысының еңбек сыйымдылығы сақталады.

2.2. Осы Ереженің [1.9–тармақтың 1–тармақшасында](#) көрсетілген тұлғалардың ҚБТ бойынша оқу үдерісінің ұйымдастырылуы білім алушының, ата – анасының немесе білім алушының өзге де заңды өкілінің өтініші бойынша, Басқарма мүшесі–академиялық мәселелер жөніндегі проректордың бұйрығы негізінде жүзеге асырылады, «Есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ–175/2020 [бұйрығымен](#) бекітілген нысанға сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік–консультациялық комиссияның қорытындысы негізінде.

Қашықтан оқыту кезеңі мен мерзімі дәрігерлік–консультациялық комиссия қорытындысының медициналық көрсеткіштері негізінде айқындалады.


Денсаулық мүмкіндіктері уақытша шектелген және университетке тұрақты түрде баруға мүмкіндігі жоқ адамдарға арналған оқу сабақтары асинхронды және/немесе синхронды оқыту форматы арқылы және университет шешімі бойынша оқу материалдарын өз бетінше игеру жолымен ұйымдастырылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды оқыту кезінде ҚБТ осы адамдар үшін қолжетімді нысандарда ақпаратты қабылдау–жіберу арқылы іске асырылады.

2.3. Осы Ереженің [1.9–тармақтың 2–тармақшасында](#) көрсетілген тұлғалардың ҚБТ бойынша оқу үдерісінің ұйымдастырылуы білім алушының, ата – анасының немесе білім алушының өзге де заңды өкілінің өтініші бойынша, Басқарма мүшесі–академиялық мәселелер жөніндегі проректордың бұйрығы негізінде және спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстарға, фестивальдерге қатысу мерзімдерін көрсете отырып, білім алушының халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына қатысуын растайтын уәкілетті мемлекеттік органның немесе ұйымның бұйрығы (хаты) негізінде жүзеге асырылады.

2.4. Осы Ереженің 2.3-тармақта көрсетілген санат үшін оқыту асинхронды және / немесе синхронды оқыту форматы арқылы ұйымдастырылады. ҚБТ қолдана отырып қорытынды бақылауды тапсыру прокторинг жүйесін қамтамасыз ету көзделген.

2.5. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы, қос диплом және студенттермен алмасу бағдарламалары бойынша, білім алушыға ҚБТ қолданып оқу үдерісін ұйымдастыру (Осы Ереженің 1.9–тармақтың 3,4–тармақшаларында) ҚазҰУ–дың студенттер кеңсесі (бакалавр немесе магистратура үшін) немесе Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасы (докторантура үшін) шығаратын шетелдік іссапар туралы бұйрықтың және қашықтан оқытылатын

	КеАҚ ҚазҰУ	Күні: 2024 ж.	Басылым: бесінші
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	11 б. 25 б-тен.

пәндері көрсетілген білім алушының жеке оқу жоспары негізінде жасалған оқу кестесі бойынша жүзеге асырылады. Шетелдік іссапар туралы бұйрық шыққаннан кейін білім алушылар жоспарланған қашықтан оқитын пәндерден бас тарта алмайды.

Оқу кестесі мен ҚБТ қолдана отырып оқу туралы өтініші ҚБТ–мен оқыту басталғанға дейін бір аптадан кешіктірілмей АЖЦИК–не тасырылуы тиіс.

Халықтың ауруларының алдын алу мен емдеуді, санитариялық–эпидемияға қарсы және санитариялық–профилактикалық іс–шараларды қамтитын әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде білім алушыларға академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша қашықтықтан оқытуды қолдана отырып және қос дипломды және (немесе) бірлескен бағдарламаларды іске асыру кезінде академиялық кредиттердің 1.10–тармағында көрсетілген көлемінен артық оқуға жол беріледі.

2.6. Шектеу шаралары, оның ішінде карантин, қолайсыз ауа райы метеожағдайлары, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайында білім беру саласындағы уәкілетті органның ұсынымы бойынша Басқарма Төрағасы – ректордың ҚБТ–ға көшу туралы бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

2.7. Шектеу шаралары, оның ішінде карантин, қолайсыз ауа райы метеожағдайлары, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайында білім беру саласындағы уәкілетті органның ұсынымы бойынша оқыту кезінде:


- оқытушының аудиторияда білім алушымен өзара іс–қимылы арқылы өткізілетін оқу сабақтарының болмауы;
- мамандықтардың ерекшеліктеріне байланысты практика жетекшілерімен жанама (қашықтықта) өзара әрекеттесу кезінде өндірістік оқыту мен (немесе) кәсіби практиканы толығы немесе ішінара қашықтықтан ұйымдастыру.

Бұл ретте білім алушыларға кәсіби құзыреттерді меңгеруге мүмкіндік беретін виртуалды зертханаларды, симуляторларды, тренажерлерді пайдалану көзделеді.

ББҰК оқу жоспарында белгіленген сағаттардың жалпы көлеміне нұқсан келтірмей, өндірістік оқытудан, оқу және өндірістік практикадан өту мерзімдерін айқындау бөлігінде оқу процесінің кестесіне өзгерістер енгізеді.

2.8. Білім алушылардың педагогикалық практикасы және «Дене шынықтыру» пәні шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайында оқыту кезінде ғана ҚБТ–ға ауыстырылады.

2.9. Шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайында кәсіптік практика, зерттеу және эксперименттік жұмыс, онлайн–форматта жүзеге асыру мүмкін емес зертханалық және студиялық сабақтар қашықтықтан оқытуға көшкен кезде кейінгі академиялық кезеңдерге ауыстырылады.

	КеАҚ ҚазҰУ	Күні: 2024 ж.	Басылым: бесінші
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	12 б. 25 б-тен.

## 2.10. ҚБТ қолдану арқылы білім алушылар:

- 1) университеттің білім беру порталдарында жүктелген пәндердің электрондық оқу-әдістемелік кешендерінің (бұдан әрі – Е-ПОӘК) және СБР көмегімен оқу курстарын өз бетінше оқиды;
- 2) бекітілген кестеге сәйкес синхронды және (немесе) бейсинхронды режимінде қашықтан оқыту сабақтарына қатысады;
- 3) университеттің академиялық күнтізбесіне сәйкес бақылаудың (ағымдық, аралық) барлық түрлерін тапсырады.

2.11. Егер ҚБТ қолдана отырып білім алушылар АБЖ оқытушы белгілеген мерзімдерге сәйкес тапсырмаларды орындау нәтижелерін жүктей алмаса, олар бұл туралы жетекшілік ететін факультеттің әдвайзеріне хабарлайды және оқуға оралғаннан кейін факультет жіберіп алған тапсырмаларды орындауды ұйымдастырады.

Егер факультетке білім алушылардың тапсырмаларды тапсыру мүмкін еместігі туралы алдын ала хабарланбаған жағдайда, пысықтау мүмкіндігі берілмейді.


2.12. ҚазҰУ–да білім алушылардың оқу жетістіктерін ҚБТ қолдану арқылы тексеру үшін сабақтарды синхронды және бейсинхронды режимде міндетті түрде өткізу қарастырылған:

- *синхронды режимде* – оқытушы мен білім алушының BigBlueButton, Zoom, Microsoft Teams, Google Classroom, Skype, онлайн тестілеу интерактивті элементін қолдану арқылы, бейнеконференция кезінде қарым–қатынасы жоспарланған уақытта болатын өзара оқу әрекеттесу үдерісі.
- *бейсинхронды режимде* – оқытушы мен білім алушының қарым–қатынасы бір уақытта болмайтын оқытушы мен білім алушының қарым–қатынасы бір уақытта болмайтын өзара оқу әрекеттесу үдерісі, мысалы, білім алушының оқытушының тапсырмасы бойынша жұмысы (жобалық тапсырмалар, кейстерді шешу, эссе жазу және т.б.), ерекше жағдайларда оқытушы бекіткен мерзімдерге сәйкес электрондық пошта арқылы, кейіннен академиялық күнтізбеге сәйкес аралық және (немесе) қорытынды бақылауды тапсыра отырып өзара оқу әрекеттесу үдерісі.

2.13. ҚБТ қолданатын білім алушылардың ағымдағы бақылау бойынша үлгерімі және оқу жетістіктерін қорытынды бақылау, «Университеттің Академиялық саясатына», «Қорытынды бақылауды (емтихан сессиясын) өткізу қағидаларына», «ҚБТ қолдана отырып қорытынды бақылауды жүргізуге арналған нұсқаулыққа» және университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2.14. Қорытынды бақылауды жүргізу үшін – онлайн прокторинг жүйесі болмаған және ҚБТ пайдала отырып іске асырылатын оқыту нәтижелерін тексерудің өзге де нысандарын пайдалана отырып, қорытынды бақылауды жүргізу мүмкін болмаған кезде, ҚБТ қолдана отырып білім алушылар пәндер бойынша қорытынды емтихандарды (емтихан сессиясын) өткізу қағидаларына



	КеАҚ ҚазҰУ	Күні: 2024 ж.	Басылым: бесінші
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	13 б. 25 б-тен.

сәйкес дәстүрлі нысанда тапсырады.

### **3. ҚБТ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

3.1. ҚБТ қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыруды ҚазҰУ–дың АЖЦИК бітіртуші кафедрамен бірлесіп, келесі платформалардың бірінде орналасқан қажетті сандық білім беру ресурстары болған жағдайда жүзеге асырады:

- білім беру порталы – Moodle қашықтан оқыту жүйесі (бұдан әрі – MOODLE ҚОЖ – dl.kaznu.kz);
- ҚазҰУ ЖАОК онлайн–платформасы (open.kaznu.kz).
- 1,2 және 3.1 тармақтарында көрсетілген платформалар қолжетімсіз болған жағдайда оқытушының АЖЦИК келісімі бойынша ағымдағы оқу үдерісі дербес оқу орталарында (Microsoft Teams, Google Classroom және т.б.) жүргізілуі мүмкін.

3.2. Факультеттің Академиялық Комитеті бекіткен университеттің өзіндік немесе басқа да онлайн–платформаларында ЖАОК жүзеге асырылады. Онлайн–платформаға жүктемес бұрын ЖАОК ҚазҰУ–дың АЖЦИК ұйымдастырған оқу–әдістемелік сараптамадан және апробациядан өтуі керек.

3.3. АЖЦИК әзірленген ЖАОК–тың онлайн–платформаға жүктелуін, білім алушыны тіркеуді, оқытуды және үнемі бақылауды жүзеге асырады, университеттің атын, тыңдаушының аты–жөнін, курс аты мен кредит көлемін және/немесе сағат санын көрсететін сертификат береді.


3.4. ҚБТ қолдану арқылы оқу процесін ұйымдастыру үшін факультет, ҚазҰУ АЖЦИК–пен бірге қызметкерлерді қамтамасыз етуі керек:

- интернетке шығатын жабдықпен;
- білім беру бағдарламасына сәйкес сандық білім беру ресурстарын (СБР) әзірлеу үшін бағдарламалық қамтамасыз етуге қол жеткізумен қамтамасыз етуі керек. СБР құрылымы мен мазмұнын бітіртуші кафедра дербес анықтайды.


3.5. ҚБТ қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыру үшін ҚазҰУ–дың АЖЦИК:

- 1) ҚБТ қолданатын білім беру бағдарламаларының координаторларын, оқытушыларды, тьюторларды және қашықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастырушы қызметтерді оқытуды ұйымдастырады;
- 2) СБР әзірлеу мен жаңартуда оқытушы–профессорлық құрамға көмек көрсетеді;
- 3) ҚБТ қолдану арқылы оқытуды арнайы желілік жүйелер арқылы басқаруды қамтамасыз етеді;
- 4) аутентификация жүйесі арқылы (осы жүйе болған жағдайда) білім алушылар мен тыңдаушылардың жеке басын сәйкестендіруді қамтамасыз етеді;



	КеАҚ ҚазҰУ	Күні: 2024 ж.	Басылым: бесінші
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	14 б. 25 б-тен.

- 5) ҚБТ (форум, чат, бейне және аудиоконференция) бойынша оқу үдерісіне қатысушылар арасында өзара іс–қимылды қамтамасыз етеді;
- 6) ҚБТ қолдану арқылы оқу процесін іске асыруды әдістемелік, техникалық және ақпараттық қолдауды жүзеге асырады;
- 3.6. Коммерциялық негізде (кадрларды даярлау бағыттарының белгілі бір тізбесі бойынша білім алушылар, сыртқы тыңдаушылар және т. б.) ҚБТ қолдану арқылы оқу үдерісін жүзеге асыру үшін оқытудың осы түрін жүзеге асыратын факультет оқу үдерісіне бір күнтізбелік ай қалғанда АЖЦИК–не ұсыну керек:
- 1) Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректордың бұйрығы коммерциялық білім беру бағдарламасын іске қосу уақыты туралы және білім алушылардың құрамы туралы бұйрығы (университеттің электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы);
  - 2) академиялық күнтізбе;
  - 3) оқу жұмыс жоспары;
  - 4) Басқарма мүшесі – қаржы қызметі жөніндегі проректор бекіткен білім беру қызметін көрсетуге арналған шарттар негізінде жүзеге асырылатын, білім беру бағдарламасының оқу үдерісін техникалық қамтамасыз ету үшін АЖЦИК қызметкерлеріне төленетін сметасы;
  - 5) білім беру бағдарламасының паспорты,
  - 6) қашықтықтан оқыту блогы көрсетілген әр пән бойынша силлабустар;
  - 7) оқу кестесі.
- 3.7. Пән оқытушылары ҚБТ қолдану арқылы оқыту кезеңі басталғанға дейін Moodle ҚББЖ–ға жүктеуге міндетті:
- Білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес ПОӘК толық көлемде;
  - ҚБТ қолдана отырып, тиісті оқу кезеңіне ағымдағы бақылаудың және СБР тексеру тапсырмалары.
- 3.8. Теориялық оқу кезеңінде білім алушылар қашықтан оқытудың электронды жүйесі арқылы пәндерді оқиды, онда білім алышуларға барлық оқу материалдары (дәрістер конспектілері, видео дәрістер, презентациялар), тапсырмалар, (тесттер, жазбаша тапсырмалар, ұжымдық талқылау) синхронды (чат, аудио–бейне конференциялар) және асинхронды (хат алмасу, пікірталас форумы) оқытушылармен кеңесу ұсынылады.
- 3.9. Халықтың ауруларының алдын алу мен емдеуді, санитариялық–эпидемияға қарсы және санитариялық–профилактикалық іс–шараларды қамтитын әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде, ҚБТ қолдану арқылы жүзеге асырылатын білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттау онлайн–прокторинг жүйесі болған жағдайда ғана қашықтан жүзеге асырылады.
- 3.10. Қорытынды бақылауға (ҚЕ) ҚБТ қолдану арқылы білім алушылардың аралық бақылау (АБ) қорытындысы бойынша кемінде 50 балл жинағандар  $(АБ1+АБ2)/2$  жіберіледі. Қорытынды емтихан үшін ең жоғары баға–100 балл. Пән бойынша қорытынды баға мынадай формула бойынша есептеледі:

	КеАҚ ҚазҰУ	Күні: 2024 ж.	Басылым: бесінші
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	15 б. 25 б-тен.

$((АБ1+АБ2)/2) \times 0,6 + (ҚЕ \times 0,4)$ .

3.11. Шетелдік іссапарда болуына байланысты ҚБТ қолдана отырып білім алушылар келіп оқуды қайта қалпына келтірілгеннен кейін университетте қорытынды емтихандарды тапсырады.

3.12. Шетелдік іссапардан оралған білім алушылардың емтихандарын қабылдау, білім алушының жеке өтініші негізінде рәсімделетін қайта келу туралы бұйрық шыққаннан кейін жүзеге асырылады. Білім алушы факультет деканының өкіміне сәйкес қашықтықтан оқытылған пәндер бойынша емтихан тапсырады.

3.13. Шетелдік тағылымдамаға кеткен ҚБТ қолдану арқылы білім алушылардың теориялық оқуларының ұзақтығы әр білім алушының тағылымдама кезеңіне байланысты.

#### **4. ҚБТ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУ ҮДЕРІСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**


4.1. ҚБТ бойынша оқу үдерісіне ұйымдастырушылық, әдістемелік, ақпараттық және техникалық қолдау көрсететін Университеттің құрылымдық кеңсесі– Академиялық және цифрлық инновациялар кеңсесі (АжЦИК) болып табылады.

4.2. АжЦИК негізгі міндеттері:

- ашық және қашықтықтан білім беру саласында университеттің білім беру қызметін дамытудың басым бағыттарын анықтау;
- осы қағидаларға сәйкес оқу процесінің тиімділігін арттыру мақсатында білім беру үрдісіне, оның ішінде СБР – на академиялық және цифрлық инновацияларды осы Қағидаларға сәйкес ұйымдастыру және енгізу;
- университеттің ашық және қашықтықтан білім берудің онлайн платформаларын дамыту;
- білім беру процесіне академиялық және цифрлық инновацияларды енгізуге байланысты консультациялық қызметтерді, оқыту қызметтерін және басқа да қызметтерді сыртқы ұйымдар үшін өтеулі негізде жүзеге асыру.

4.3. АжЦИК өз қызметінде келесі функцияларды орындайды:

- академиялық және цифрлық инновациялар саласындағы білім беру және өзге де ұйымдармен байланысты дамытады;
- білім берудің барлық деңгейінде академиялық және цифрлық инновацияларды енгізудің озық тәжірибесін жалпылайды, дамытады және пайдаланады;
- оқу процесіне СБР енгізуге бастамашылық жасайды және бақылайды.
- платформаларға онлайн курстарды (MOOC және SPOC) әзірлеуді және жүктеуді, кешенді СБР әзірлеуді ұйымдастырады және бақылайды;
- онлайн курстар мен СБР –ды білім беру бағдарламаларына біріктіруді ұйымдастырады және бақылайды;
- онлайн курстардың сараптамасын ұйымдастырады және бақылайды;
- онлайн курстардың тізімін жүргізеді;

	КеАҚ ҚазҰУ	Күні: 2024 ж.	Басылым: бесінші
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	16 б. 25 б-тен.


- ДОТ оқытушылары мен студенттерінің Университеттің ақпараттық–білім беру жүйесінде және жеке оқу орталарында қызметін ұйымдастырады және бақылайды;
- Университеттің ашық және қашықтықтан білім беру жүйесінің ғылыми, әдістемелік, технологиялық, ақпараттық және сараптамалық қолдауды қамтамасыз етеді;
- академиялық және цифрлық инновациялар саласында университеттің профессор–оқытушылар құрамы мен білім алушыларының кәсіби даму бағдарламаларын ұйымдастырады және жүзеге асырады;
- ашық және қашықтықтан білім беру саласындағы отандық және халықаралық жобалар мен бағдарламаларды ұйымдастырады және жүзеге асырады;
- әртүрлі санаттағы қызметкерлердің, ғылыми–педагогикалық қызметкерлердің, сыртқы ұйымдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің және жеке тұлғалардың инновациялық білім беру технологияларын қолдану бойынша тиісті сертификаттар беру арқылы біліктілігін арттыру бағдарламаларын жүзеге асырады.

АжЦИК қызметінің негізгі бағыттарының тізімі толық емес және университеттің нормативтік құжаттарымен қосымша айқындалуы және нақтылануы мүмкін.

АжЦИК қызметінің профиліне сәйкес келетін салаларда мамандарды даярлауды қамтамасыз ету қажеттілігіне қарай АжЦИК өз қызметін жоспарлайды және даму бағыттары мен перспективаларын анықтайды.

4.4. АжЦИК онлайн білім беру [dl.kaznu.kz](http://dl.kaznu.kz), [open.kaznu.kz](http://open.kaznu.kz) платформаларында онлайн курстарды әзірлеу мен іске қосуды әдістемелік және технологиялық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді:

- онлайн курстарды әзірлеуге және оларды платформаға жүктеуге қатысады;
- жаппай ашық онлайн курстарды платформаға жүктеуге және оларды оқу үдерісіне пайдалану үшін сараптама жүргізуді қамтамасыз етеді;
- инновациялық білім беру технологияларын қолдануға қатысты тиісті сертификаттар бере отырып, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің және жеке тұлғалардың әртүрлі санаттарындағы жұмысшылар мен ғылыми–педагогикалық кадрларды даярлауды және біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді;
- дәстүрлі оқыту схемасын қолдану арқылы да және оқытудың барлық түрлеріне арналған онлайн курстардың материалдарының бір бөлігін игеру арқылы білім алушылардың негізгі Кәсіптік бағдарламасын меңгеру үдерісін ұйымдастыруды көздейтін аралас оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырады;
- ҚазҰУ–да ҚБТ қолдану арқылы оқытудың сапасын бақылау жүйесін қолдайды;
- онлайн курстардың авторларымен бірлесіп білім алушыларды ағымдағы


	КеАҚ ҚазҰУ	Күні: 2024 ж.	Басылым: бесінші
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	17 б. 25 б-тен.

бақылауды және аралық аттестаттауды ұйымдастырады;

- ЖАОК–та оқу нәтижелері бойынша тыңдаушыларға сертификаттар береді;
- ҚБТ қолдану арқылы оқыту кезінде қолданылатын бағдарламалық қамтамасыз етудің жұмыс қабілеттілігін қолдайды (dl.kaznu.kz, open.kaznu.kz платформалар);
- ҚБТ қолданатын оқыту жүйесінің пайдаланушыларына бақылау және талдау жүргізеді;
- университеттің білім беру үдерісінде онлайн курстарды қолдану мәселелері бойынша нормативтік–құқықтық жергілікті актілерді әзірлейді;
- ҚБТ қолданатын оқу үдерісінде кеңес беру және ұйымдастырушылық көмегін көрсетеді;
- оқу үдерісінде ЖАОК енгізу нәтижелері туралы статистикалық есептілікті ұсынады.


4.5. Университет оқытушысының педагогикалық жүктемесінде Қашықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы оқытылатын пән пайда болған кезде, оқытушы:

- қашықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы жұмыс істеу бойынша нұсқамадан өту немесе АЖЦИК –нен ақпарат алу;
- Теориялық оқыту басталғанға дейін бір апта бұрын қашықтан оқыту курстарын әзірлеу талаптарына сәйкес келетін СБР қоса алғанда, е–ПОӘК әзірлеп университеттің цифрлық білім беру платформасына жүктеу;
- кез келген АБЖ немесе дербес оқу ортасын таңдау кезінде оқытушы сабақтың әрбір түрі үшін тандалған платформаларды көрсете отырып, пәнді Univer АЖ–не е–ПОӘК жүктеуге (немесе электрондық силлабусты толтыруға) міндетті;
- Univer АЖ немесе MOODLE ҚБЖ жүйелеріне қолжетімділік болмаған жағдайда, тандалған дербес оқу ортасында пәннің е–ПОӘК–ін, СБР мен сыртқы электрондық ресурстарға (электрондық оқулықтар, мультимедиялық оқыту бағдарламалық тренажерлері, ақпараттық–анықтамалық жүйелер, виртуалды зертханалық практикумдар, компьютерлік тестілеу жүйелері және т. б.) сілтемелерді қоса алғанда, толық жүктеу немесе онлайн курсты пайдалану;
- апта сайын бекітілген кестеге сәйкес бейнеконференциялар мен вебинарлар өткізу, жазбаша жұмыстарды тексеру, орындалған тапсырмалар үшін балл қою және білім алушыларға кері байланыс беру үшін қашықтан оқыту жүйесіне үнемі қатысуға;
- университеттің АБЖ (Univer, ҚОЖ MOODLE) немесе дербес оқу орталарында (Microsoft Teams, Google Classroom және т. б.) тиісті сілтемелерді орналастыра отырып, дәрістерді бейнежазбалармен қамтамасыз етуге;

	КеАҚ ҚазҰУ	Күні: 2024 ж.	Басылым: бесінші
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	18 б. 25 б-тен.

- пән бойынша қорытынды емтиханды ҚБТ қолдану арқылы қабылдаған жағдайда емтихан материалдары мен тапсырмаларын әзірлеп оларды Moodle ҚОЖ–не немесе Univer АЖ–не жүктеңіз;
  - оқытудың күтілетін нәтижелерін бағалауға байланысты кез келген бақылау іс–шаралары кезінде оқытушы университеттің академиялық адалдық ережелеріне сәйкес бекітілген әдістемелік ұсынымдардың негізінде білім алушылардың жеке басын сәйкестендіру бойынша талаптарды орындауға міндетті.
- 4.6. ҚБТ–ны қолдану арқылы оқитын білім алушыларға интернетке кемінде 512 кб/с жылдамдықпен шығатын дербес компьютерге не мобильді құрылғыға, вебинарлар өткізуге арналған компьютерлік мультимедиа жабдығына (веб–камера, гарнитура) тұрақты қолжетімділік болуы қажет.
- 4.7. ҚБТ қолдану арқылы білім алушылар:
- пәннің бекітілген силлабусымен танысуға;
  - пәннің бекітілген силлабусына сәйкес ұсынылатын цифрлық білім беру ресурстарының көмегімен оқу материалын меңгеруге;
  - оқытушы әзірлеген бекітілген кесте мен әдістемеге сәйкес бейнедәрістерді қарау және семинар және практикалық сабақтарға қатысуға;
  - тапсырмаларды тапсырудың бекітілген кестесіне сәйкес оларды орындау нәтижелерін (жауабын) оқытушыға MOODLE ҚОЖ арқылы, ал оған қол жетімділік болмаған жағдайда – Univer АЖ немесе дербес оқу ортасы арқылы ұсыну;
  - оқудың күтілетін нәтижелерін бағалауға байланысты кез келген бақылау іс–шаралары кезінде білім алушы университеттің академиялық адалдық ережелеріне сәйкес биометриялық деректер / жеке құжаттар негізінде жеке басын сәйкестендіру бойынша талаптарды орындауға міндетті.
- 4.8. Жаппай ашық онлайн курстардың open.kaznu.kz онлайн–платформасында оқыту үдерісін сүйемелдеу үшін жұмыс істеуге, онлайн курстың тьюторы тағайындалады – жетекші лауазымды қызмет атқармайтын оқытушы немесе факультет маманы болуы керек.
- 4.9. Онлайн курс тьюторының функциялары:
- АжЦИК мамандарының басшылығымен жұмыс жасау;
  - пәннің силлабусына сәйкес курсты бастамас бұрын онлайн–курстың барлық кезеңіне тест тапсырмаларын тапсыру мерзімдерін белгілеу;
  - жаппай ашық онлайн курстарна open.kaznu.kz онлайн–платформасында тіркелу кезінде ақпараттық қолдау көрсету, білім алушыларды онлайн курс базасына енгізу;
  - тіркелген білім алушыларды білім беру топтары бойынша бөлу;
  - онлайн оқытудың барлық мәселелері бойынша онлайн курстардың студенттері мен оқытушы–авторларына кеңес беру (электрондық пошта, телефон арқылы, онлайн режимде);



	КеАҚ ҚазҰУ	Күні: 2024 ж.	Басылым: бесінші
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	19 б. 25 б-тен.

- форумда "Талқылау" қосымша бетінде білім алушылармен интерактивті өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;
- "Электрондық пошта" қосымша бетін қолдану арқылы, білім алушыларға кезекті модульдің іске қосылуы және онлайн курстың басқа жаңалықтары туралы үнемі хабарлау;
- білім алушылардың үлгерімін және қорытынды аттестаттау бақылау;
- курс авторымен ынтымақтастықта онлайн курстың контентін жаңарту кемінде 3 жылда бір рет;
- автормен ынтымақтастықта өзектілік жоғалған жағдайда онлайн курсты жою туралы шешім қабылдау.

4.10. Университетте ҚБТ қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыруға көмек көрсету үшін ҚазҰУ-нің АжЦИК шешімі бойынша университеттегі білім алушыларының қатарынан сандық волонтер жұмыс тобы (бұдан әрі – волонтер) құрылуы мүмкін.

4.11. Волонтердың функциялары:


- ПОҚ мен білім алушыларды білім беру үдерісінде СБР пайдалану бойынша техникалық және әдістемелік қолдау көрсету;
- АжЦИК көмек ретінде Moodle ҚОЖ және жаппай ашық онлайн курстарының онлайн–платформаларында жұмыс істеу бойынша оқытушылармен және білім алушылармен тренингтер, семинарлар, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу;
  - университетте онлайн білім беруді және ҚБТ дамытуға белсенді атсалысу;
  - ҚБТ қолдану арқылы оқытуды енгізудің сандық және сапалық көрсеткіштерінің мониторингі;
  - АжЦИК үшін онлайн оқыту мен ҚБТ пайдалану арқылы жұмыс тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар дайындау;
  - университеттің білім алушылары мен қызметкерлерін қашықтан оқытудың мақсаттары, міндеттері және жаңа цифрлық құралдары туралы ақпараттандыру бойынша іс–шараларға қатысу.

## **5. ҚБТ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

5.1 ҚБТ қолдану арқылы жүзеге асырылатын пәндер бойынша е–ПОӘК және СБР оқу–әдістемелік материалдарының сапасы үшін бітіртуші кафедралар жауапты.

5.2 Е–ПОӘК және СБР оқу–әдістемелік материалдарының сапасын тексеруді Оқыту және оқыту сапасы жөніндегі академиялық комитет және университеттің



	КеАҚ ҚазҰУ	Күні: 2024 ж.	Басылым: бесінші
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	20 б. 25 б-тен.

Білім беру бағдарламаларын жобалау кеңсесі (бұдан әрі – ББЖК) жүзеге асырады.

5.3 АжЦИ кеңсесі ББЖК–мен бірге курстың оқу мазмұнына қойылатын талаптарды әзірлейді, олар барлығына міндетті. Талаптарда

- контенттің сапасын бағалау;
- еңбек шығындарын анықтау жолдары;
- контенттің қолжетімділігі мен көрнекілігі;
- білім алушылардың мүдделерін ескере отырып курсты рәсімдеу критерилері жасалуы керек.
- Академиялық саясаттың барлық дәстүрлі талаптары қашықтан оқыту және онлайн оқыту ерекшеліктерін (сабаққа қатысу, визуалды этикет, уақтылы және ақпараттандыру тәсілдері, сабақтардың толықтырылуы, бақылау іс–шараларының жиілігі) ескере отырып жазылған.

5.4 Контент сапасын бағалаудың бекітілген рәсімі (рецензиялау). АжЦИК кеңсесі ӘЖҚ–мен бірге контент сапасын тәуелсіз рецензиялауды немесе сапаны бағалаудың алқалық нысанын қамтамасыз етуі тиіс.

- курстың контентінің сапасына қойылатын талаптарға сәйкессіздікті анықтау және оларды жою рәсімін;
- курстың барлық кезеңдерінде білім алушылардың контентінің сапасын бағалау рәсімін әзірлеу қажет.

5.5 Курс пен оқытушы туралы жалпы ақпарат. Курсты әзірлеушілер:


- барлық академиялық реквизиттері бар курстың толық сипаттамасын (салмағы, кезеңділігі, форматы, циклі, басқа курстармен байланысы);
- оқытушы туралы толық ақпарат: оқытушының түйіндемесі (CV), оның өткен жылдың академиялық қорытындысы бойынша рейтингі, өткен академиялық кезеңдердің қорытындысы бойынша білім алушылардың пікірлерін ұсынуы керек.

5.6 Курстар каталогы. АжЦИК курстар каталогын тіркеу кезеңі басталғанға дейін бір ай бұрын жариялайды.

5.7 Курстың силлабусы "студентпен келісім" мәртебесіне ие: силлабуста көрсетілмеген талаптардың заңды күші жоқ екендігі ресми түрде мойындалған. Силлабусқа өз бетінше өзгерістер енгізуге тыйым салынады, силлабустың жариялану фактісі ғана емес, оның ауыстырылуы да (жаңа файлмен, файлды редакциялаумен және т.б.) бақыланады (хаттамаланады).

5.8 Типтік силлабус. Ықшамдылық. ББЖК артық ақпаратты қамтымайтын, мәліметтердің барлық қажетті түрлерін көрсете отырып, үлгілік (ең аз) силлабусты бекітеді.

5.9 Жалпы талаптар мен оқыту әдістемесін еркін анықтау арақатынасы. Силлабусқа қойылатын барлық талаптар жалпы (әмбебап) және авторлық (оқытушылық) болып бөлінеді. Университет оқытушының академиялық дербестігін сақтау тұрғысынан әмбебап талаптарды ғана айқындайды.

	КеАҚ ҚазҰУ	Күні: 2024 ж.	Басылым: бесінші
	КБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	21 б. 25 б-тен.

5.10 Курстың саясаты. Силлабуста университет саясатына қайшы келмейтін курс саясаты (оқытушының негізгі талаптары) сипатталады.

5.11 Оқыту форматы. Силлабуста оқыту форматы сипатталады (аралас, 100% онлайн және т. б.)

5.12 Тайминг. Силлабуста барлық тақырыптық модульдер апталарға бөлінеді. Барлық бақылау іс–шараларының болатын нақты күндері (ағымдағы жылдың күнтізбесі бойынша) болады. Дедлайнның барлық түрлері үшін ағымдағы жылдың күнтізбесі бойынша нақты күндер белгіленеді.

5.13 Курстың құрылымы. Силлабуста курстың құрылымының – тақырыптық блоктардың, модульдердің және т.б. нақты реттілігі сипатталады.

5.14 Критериалды бағалау. Силлабуста нақты курсқа (А, В, С, D, F) қатысты құзыреттерді бағалау деңгейлеріне қойылатын талаптар сипатталуы тиіс. Курстың құзыреттілігіне және курстың нақты тақырыптық блоктарына қатысы жоқ, шаблондық (әмбебап үлгідегі) критерилерді сипаттауға жол берілмейді. Құзыреттердің қандай да бір деңгейіне қол жеткізудің дәлелдемелерінің түрлері (индикаторлары) сипатталады. Нәтижелер деңгейінің тексеру әдісі көрсетілмеген құзыреттіліктер матрицасы орналастыруға жіберілмейді.

5.15 Академиялық адалдық. Силлабуста академиялық адалдық саясатының талаптары және оны бұзудың салдары сипатталуы тиіс. Академиялық адалдыққа нөлдік төзімділік бекітілген.

5.16 Кері байланыс. Силлабуста нақты уақыт кезеңдерімен кері байланыс тәсілдері, оның түрлері мен реакция мерзімдері көрсетілуі тиіс.


5.17 Ресурстар мен дерек көздер. Силлабуста курс аясында студенттерге қол жетімді ресурстар мен дерек көздердің толық тізімі болуы керек. Барлық ресурстар мен дерек көздерді университет немесе оқытушы қамтамасыз етуі керек. Университет кітапханасының каталог идентификаторы немесе дереккөзге қол жетімділік болған жағдайда гиперсілтеме берілуі керек.

5.18 Жариялау. Тиісті сападағы силлабус курстарға тіркелудің басталуымен бір мезгілде немесе алдын ала жарияланады.

5.19 Мөлшерлеу. Курстың барлық мазмұны жалпы семестрлік жүктемені ескере отырып, студенттің нақты еңбек шығынына сәйкес ыңғайлы меңгеруге кепілдік беретіндей мөлшерленуі керек. Оқу материалдарында алдын–ала фрагменттелген материалдар болуы керек. Нақты тақырыпқа (блокқа) релевантты ақпараттың ауқымын (шекараларын) көрсетпей, толық мәтін көзін орналастыруға жол берілмейді. Бейнематериалдар да таймингпен шектеледі.

5.20 Қисындылық. Тақырыптық бірліктер (блоктар, модульдер) дәйекті қисынды болып және курс бөліктерін игерудің пререквизиттілігіне сәйкес келіп, басқа курстармен үйлестірілуі керек.

5.21 Әртүрлілік. Курсты әзірлеушілер белгілі бір тақырыпты жүзеге асырудың тиімділігі мен нақты құзыреттерге қол жеткізу принципіне қатаң сәйкес келетін мазмұн түрлері мен бақылау шараларының барлық түрлерін қолдануды қамтамасыз етуі керек. Сонымен мазмұнның түрін анықтауда шаблондылық пен

	КеАҚ ҚазҰУ	Күні: 2024 ж.	Басылым: бесінші
	КБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	22 б. 25 б-тен.

схемаға, сондай-ақ әдістемелік мақсаттармен негізделген шамадан тыс әртүрлілікке жол берілмейді.

5.22 Бағалау. Бағалаудың форматы мен кезеңділігі курстың мақсаттарымен қатаң байланыстырылған, оқуға итермелейтін форматтарды (есте сақтауға арналған тесттер, плагиатқа тексерусіз мәтіндер және т.б.) қоспайды, нәтиженің дұрыстығын қамтамасыз ету кепілдіктерін (шараларын) қамтиды – тапсыру үшін білім алушылардың кезекпен кооперациясын болдырмау үшін үйлестіру, уақыт бойынша шектеу, тапсырманың кешенді сипаты, жобалық формат және т.б.

5.23 Стыль және безендіру. Курстың әзірлеушілері мен сарапшылары қаріптерге, кегльге, жиектерге, графикалық элементтердің өлшемдеріне, түс гаммасына, дәйексөз стильдеріне, үлгілік құжаттардың құрылымына, презентацияларды рәсімдеуге қойылатын талаптарды қоса алғанда ақпаратты берудің бірыңғай академиялық стилінің мәдениетін қамтамасыз етеді.

5.24 Форматы. АЖЦИК бейнедәрістерді жазудың бірыңғай форматының сақталуын қамтамасыз етеді, бейнедәрістерді жазуға арналған студияны ұйымдастырады. Бейнедәрістер құрылымдалуы қажет және білім беру бағдарламасы бойынша нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етуі тиіс. Бейне дәрістерге дидактикалық материалдар (презентациялар, практикалық/зертханалық сабақтардың тапсырмалары, өзіндік жұмысқа арналған материалдар) қоса берілуі тиіс. Бейне дәрістер эмоционалды түрде қанық болуы керек, олардың мазмұны интерактивті болуы керек. Бейнедәрістер оқытушының оқу жүктемесін түпкілікті қалыптастырғаннан кейін оқу үдерісі басталған сәтте университеттің білім беру онлайн платформасына жүктелуі тиіс.

5.25 Мазмұны. Бейне дәрістің мазмұны логикалық құрылымдалған және бөлімдерге және бөлімшелерге (бейне дәріс–семантикалық блоктарға (бейнелер) ұзақтығы 3–9 минуттық) бөлінеді.. Бейнеде сабақ тақырыбы бойынша бақылау сұрақтары бар. Бейнедәріс материалды зерттеудегі негізгі мәселелерге назар аударады, сабақ тақырыбының мазмұнын ашады, негізгі тұжырымдарды қорытындылайды.


5.26 Сапаны бақылау. АЖЦИК бейненің техникалық, әдіснамалық және мазмұнды талдауын қамтамасыз етеді. Бейнедәріс оқу үдерісінде оны АЖЦИК мамандары пайдалануға ұсынғаннан кейін қолданылады.

5.27 Білім алушылардың бірлесуі. АЖЦИК курс әзірлеушілерімен бірге тақырыптық блоктар мен даулы (күрделі) мәселелерді топтық талқылау мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек. Оқытушы талқылауды модерациясын қамтамасыз етеді.

5.28 Өзін-өзі бағалау. Курс – білім алушылардың кемінде бір рет өзара бағалау құралын қолдану мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

5.29 Жүйелілік. Курс оқытушысы жүйелі кері байланысты сұрақтарға жауап беру және онлайн–кеңес берудің нақты кезеңдері арқылы қамтамасыз етеді.

5.30 FAQ (сұрақтарға жауаптар). Курстың нәтижелері бойынша немесе бақылау шараларының нәтижелері бойынша оқытушы жиі қойылатын сұрақтарды немесе

	КеАҚ ҚазҰУ	Күні: 2024 ж.	Басылым: бесінші
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	23 б. 25 б-тен.

типтік қателерді жинақтап, талдап және курс аясында оларға толық жауап беруге міндетті.


5.31 Уақытылы бағалау. Оқытушы мен АЖЦИК бақылау іс-шарасынан бастап оқу аптасы шегінде уақытылы бағалауды қамтамасыз етеді. Бағалаудың нақты уақыты жазылады, тәртіпбұзушылықтардың салдары болады (бағалардың жойылуы, бағалардың ауысуы, оқытушының жауапкершілігі және .т. б.)

5.32 Прогресті талдау. Білім алушының курсты меңгерудің жеке прогресін қадағалауға, оларға қандай құзыреттерге қол жеткізілмейтінін білуге және күшейтуді талап етуге мүмкіндігі бар.

## 6. ОНЛАЙН-КУРСТАРДЫ ӘЗІРЛЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

6.1 Жаппай ашық онлайн-курс материалдарын орналастыруға техникалық тапсырма

№	Атауы	Материалдың көлемі
1	Бейнемен кіріспе модулі	3 минуттан артық емес
2	Курстың сипаттамасы бар бетте көрсетілген оқудың өлшенетін мақсаттары	3-тен кем емес
3	Курс оқушыларға бағытталған және әр түрлі елдердің әр түрлі аудиториялары үшін қолжетімді тілде жазылуы керек	Сәйкес/сәйкес емес
4	Курста тақырыпты тереңірек зерттегісі келетіндерге арналған қосымша материалдар тізімі көрсетілген	Ашық интернет-көздер мен кітапханалар Оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар
6	Әр модульде (тақырыпта) талқылауға арналған сұрақ бар	1-ден кем емес
7	Әр модульде (тақырыпта) оқу сұрақтары бар (өзін-өзі тексеру, автоматты түрде)	10-нан кем емес
8	Презентацияның болуы	Әр бейнеге 1-ден (8 слайдтан кем емес)
9	Конспектің болуы	Әр бейнеге/ тақырыпқа 1
10	Курстың ұзақтығы (академиялық сағаттармен арақатынасы)	4 аптадан кем емес және 15 аптадан артық емес 20 сағаттан кем емес және 180 сағаттан артық емес контент
11	Әр модуль / тақырып үшін бағалау тапсырмалары (кіріспені қоспағанда)	1-ден кем емес
12.	Аптасына /тыңдаушыға жүктеме (1 академиялық сағат есебінен бейне минуттарының саны бойынша 5 минуттан кем емес және 12 минуттан аспайтын бейне)	2 сағаттан кем емес және 5 сағаттан артық емес
13	1 бейнероликтің ұзақтығы	3-9 минут
14	Бейнежазба ұзақтығы (жиынтық) / 1 аптаға	15 минуттан кем емес және 30 минуттан артық емес
15	Тест тапсырмалары	Әр модульге кемінде 3 жаттығу және 10 бағалау сұрағы

	КеАҚ ҚазҰУ	Күні: 2024 ж.	Басылым: бесінші
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	24 б. 25 б-тен.

## **Курсқа арналған бейнеге қойылатын техникалық талаптар**

Бейнетүсірілім бейнежол параметрлері мынадай көрсеткіштерден төмен емес кәсіби бейне техникада жүзеге асырылуы тиіс:

- файл пішімі (контейнер) – MP4;
- кодек – H264;
- рұқсаты – 1920 x 1080 (1080p);
- арақатынасы – 16:9;
- кадр жиілігі 25 немесе 30 кадр / с;
- прогрессивті жайма (25p \ 30p);
- битрейт секундына 10000 кбиттен төмен емес, бірақ секундына 30000 кбиттен артық емес;

### **Аудио:**


- Кодек: AAC, AC3, OGG, mp3.
- Арналар:2 (стерео).
- Іріктеу жиілігі: 48 кГц.
- Дыбыстық ағын: CBR 192 кбит/с төмен емес, VBR 160–320 кбит/с диапазонында.

### **Дыбыс жолының сапалық сипаттамалары:**

- Дыбыстық жол нақты стерео режимінде болуы керек, онда оқытушының дауысы сол және оң жақ канал арасында қатаң шектелген. Дыбыстық эффектілер, шу, музыка ұқсас режимде болуы мүмкін немесе көркем және техникалық тапсырмаларға байланысты толық стерео режимде жүзеге асырылуы мүмкін.
- Стерео трек монофониялық жабдықта ойнату мүмкіндігін ескере отырып, техникалық тұрғыдан орындалуы керек. Коррелометр бойынша мән " 0 " +/- 0,5 сәйкес келуі тиіс.
- Сигнал/шу қатынасы кем дегенде 40 дБ болуы керек.
- Пайдалы сигналдың динамикалық диапазоны (сыбырлау/қатты сөйлеу) 16 дБ аспауы керек.
- RMS көлемінің орташа деңгейі – 14 дБ–ден – 12 дБ–ге дейін болуы керек.
- Дыбыс деңгейінің шыңы – 2 дБ болуы керек.

### **Бейне сапасының сипаттамалары:**

- Қиылыстырылмаған қаріпті таңба пайдалану ұсынылады.
- Бір курсқа 2 қаріптен артық пайдалану ұсынылмайды.
- Буллиттер бүкіл курста бірдей болуы керек.
- Оқылымды арттыру үшін қарама–қарсы түстерді қолдану ұсынылады.

	КеАҚ ҚазҰУ	Күні: 2024 ж.	Басылым: бесінші
	КБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	25 б. 25 б-тен.

- Мәтін мен фон түстерінің комбинациясы.
- Әр курсқа 3–тен астам қаріп түстерін пайдалану ұсынылмайды.
- Абзацтың, кестенің бір сөйлемінің ішінде қарама–қарсы қаріп түстерін пайдалану ұсынылмайды.
- Егер курс ішінде кестелердің өң түсін қолдану қажет болса, онда негізгі фонға қатысты қарама–қарсы түстерді қолдану ұсынылмайды, ашық немесе қараңғы жағында кішкене жартылай тон жеткілікті.
- Жақтаулардың, кесте сызықтарының, бағыттауыштардың қалыңдығы қаріп сызығының қалыңдығына сәйкес келуі тиіс.
- Курс аясында фотосурет, сурет, анимациялық материалды бірдей түсті схемада, бірдей жақтаулармен, көлеңкелермен қолданған жөн.
- Пиктограммалар мен инфографиканы қолдану ұсынылады.
  - Көріністің табиғилығын қамтамасыз ету үшін көрінстерді бір өлшеммен біріктіру (орнату) ұсынылмайды.
- Түсіру кезінде контрастты, түрлі–түсті киім мен макияж элементтерін қолдану ұсынылмайды.
- Оқытушының бейнетүсірілімі кезінде киім мен жолақты киімнің торлы элементтерін пайдалану ұсынылмайды.
- Бейнедәрістерге арналған слайдтарта тақырып 20 пт, негізгі мәтін 18 пт қаріпімен терілуі тиіс.
- Суреттің (суреттің) өлшемі 1280x720P (HD) кем болмауы керек
- Сурет PNG форматында болуы керек.
- Курста пайдаланылған барлық басқа материалдар CC Attribution лицензиясымен болуы керек.
- Әрбір көшіріліп алынған бейненің жанында (графика, ИНФОГРАФИКА, фотосурет, репродукция және т.б.) міндетті түрде дереккөзге сілтеме көрсетілуі тиіс.
- АжЦИК тексергеннен кейін сілтемелер презентацияның соңғы слайдына "Пайдаланылған дереккөздер тізіміне" енгізілуі мүмкін.